



**Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті
«Агробиология» факультеті
«Мал шарушылығы өнімдерін өндіру технологиясы»
кафедрасы**

**Тақырыбы: Ауыл шарушылығының
шығу тегі мен эволюциясы
Түйе тұқымдары**

**Орындаған: Оралбай А.
Д
Тобы: ПА-105Қ
Тексерген: Койшибаев
А.М.**





Жоспар:


1. Ауыл шаруашылығының шығу тегі мен эволюциясы
2. Түйе тұқымдары
3. Түйенің пішіні
4. Ерекшеліктері
5. Түйе өнімдері

Ауыл шаруашылығы — материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарта шаруашылығы да кіреді.

Қазіргі кезде облыстағы ауыл шаруашылығы өндірісі 245 ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, 6519 шаруа (фермерлік) қожалығында, халықтың 118,9 қосалқы шаруашылығында іске асырылады.

Мал тұқымы — ауыл шаруашылық малдарының шығу тегі, дене тұрқы мен бітімі, пайдалы шаруашылық белгілері ұқсас және бұл қасиеттері тұрақты тұқым қуалайтын біртұтас топтары. Мал тұқымына шығу тегі бір болғанымен генотипі әр түрлі, ата-тегінің құнды қасиеттері ұрпағына берілетін асыл тұқымды малды іріктеп алады.





ТҮЙЕ ТҰҚЫМЫ

Түйелер (лат. *Camelus*) – сірітабандылар отряд тармағының түйетәрізділер тұқымдасына жататын сүтқоректі ірі жануарлардың бір туысы. Түйелер шөлге де, қатты аязға да төзімді, күшті көлік малы. Мұның екі түрі бар: қос өркешті түйе (Бактрия түйесі) — негізгі өсірілетін жерлері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Астрахан, Сталинград, Саратов және Чита облыстары, бұрынғы КСРО-да мұның Астрахан түйесі, Қазақстан түйесі, моңғол түйесі деп аталатын негізгі үш тұқымы өсіріледі; бір өркешті түйе (дромедар), — Түрікменстанда, көбінесе Тәжікстанда, Өзбекстанның оңтүстік аудандарында және Қазақстанның кейбір жерлерінде өсіріледі. Ең көп өсірілетін жері — Қарақұм. Қоспақ түрлеріне, пайдалануына, қанына қарай: аруана, желмая, нар деп аталады. Түйенің еті мол, жүні биязы болады.



**ДРОМЕД
АР**

**БАКТРИ
Я**




Сыртқы дене мүшелері	Дромедарлар	Бактриандар
Басы	Бастың бет аумағы бактриандарға қарағанда ұзынырақ және маңдай тарлау, өркеш мұрынды.	Бастың бет аумағы дромедарларға қарағанда қысқалау және маңдай кеңдеу.
Мойыны	Бактриандарға қарағанда ұзындау және түзулеу	Дромедарларға қарағанда қысқалау және иіліңкі, жанынан тарлау, бірақ терең
Денесі	Бактриандарға қарағанда қысқалау, бірақ жинақы	Дромедарларға қарағанда ұзындау және терең
Өркештері	Арқасында жалғыз ықшам өркеш орналасқан	Арқасында аралары 20-40 см-ге ашық екі өркеш орналасқан
Аяқтары	Бактриандарға қарағанда ұзын	Дромедарларға қарағанда қысқа
Сүйелді құрылымдар	Бактриандарға қарағанда мықты жетілген	Дромедарларға қарағанда әлсіз дамыған
Бас жүнділігі	Маңдайында қысқа бұйра жүнді кекілі бар	Маңдайында ұзын түзу, тікереуіген жүнді кекілі бар.
Дене жүнділігі	Жауырын аумағында эполет түрінде 10-15 қылшықтан тұратын жұрын бар	Жауырын аумағында жұрын жоқ.
Аяқтар жүнділігі	Аяқтары қысқа, бұйра жүнмен жабылған	Жіліншік аймағында ұзын галифе түрінде орналасқан қылшықтар бар. Қысқы жүнділік кезінде галифе білекке дейін өседі.





Қос өркешті қазақ Түйелері дене бітімдерінің ерекшеліктері, ірілігі, өнімділігі бойынша 3 тұқымдық типке бөлінеді: оралбөкей, Қызылорда және оңтүстік Қазақстан Түйелері. Орал-бөкей типінің басқаларынан тірілей салмағы мен жүн өнімділігі 5 – 10%-ға жоғары болғандықтан, асылдандыру жұмыстарында тұқым жақсартушы ретінде пайдаланылып келеді. Дара және қос өркешті Түйелерді бір-бірімен будандастырудан алынған будандар дене бітімінің беріктігі, ірілігі, қоршаған ортаның қолайсыз жағдайлары мен ауыр жұмысқа төзімділігі бойынша таза тұқымды Түйеден айтарлықтай ерекшеленеді. Тірілей салмағы бойынша артықшылығы 20 – 25%-ға дейін жетеді. Будандардың үлектерін нар, інгендерін мая деп атайды. Нарлар тек жұмыс күші мен өнім алу үшін пайдаланылып, жұптастыруға жіберілмейді. Маялар әдетте қос өркешті үлектермен шағылыстырылып, аталық тұқымға ұқсас ұрпақ алынады. Тұраралық будандастыру тек таза қанды дара және қос өркешті Түйелер пайдаланылғанда ғана жақсы нәтиже беретіндігі, будандардың асыл тұқымды мал ретінде маңыздылығы жоқ екендігі ескерілуі қажет.





Түйе

Түйелер мен таутайлақтардың башпайларында мүйізді тұяқтары болмайды. Тұяқтың орнында башпайларының ұшында ғана доғаланып, қисық біткен кішкене тырнақ өседі. Табаны жалпақ және астыңғы жағы сүйелді, жұмсақ көнмен қапталған. Сондықтан бұл жануарларды көнтабандылар деп атайды. Түйенің кеудесінде, тізесі мен тілерсегінде сүйелді, сірілі, түксіз тықыр жерлері болады. Түйе шөккен кезде сүйелді жерлері ыстық құмның әсерін сезбейді. Осыған байланысты түйе ыстық құмда шыдай төгіп жата береді.


Түйенің дене тұрқы ірі. Оның салмағы 700-800 кг, мойны иір және ұзын. Денесінің әр жерінде ұзын шудалы жүндері болады. Құрғақ далалы, шөлейтті және шөлді аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Сондықтан халық түйені «шөл дала кемесі» деп атайды.

Қолда өсірілетін түйелердің арғы тегі - жабайы жүйелер. Түйе бұдан 4-5 мың жыл бұрын қолға үйретілген. Айыр өркешті түйенің қолға үйретілген жері - Орта Азия. Сыңар өркешті түйенің қолға үйретілген жері - Африка өңірі. Қазіргі кезде сыңар өркешті жабайы түйе жойылып кеткен. Айыр өркешті жабайы түйе Монғолияның Гоби шөлінде ғана сақталған. Түйені - төрт түліктің төресі, киелі түліктің бірі деп есептеген. Түйенің пірін - «Ойсылқара», кей жерде «Қаусыл- қазы» деп атайды.






бактриан





дромадер



нар



гибриды второго поколения



- 1.-Camelus dromedarius
- 2.-Titanotylopus nebraskensis
- 3.-Gigantocamelus spatula
- 4.-Camelus moreli
- 5.-Megacamelus merriami



Тұрқының қысқалығы белгілі бір мөлшерде мықты, ұзын және жақсы қозғалатын мойынының дамуына байланысты, түйенің салмақ түсу орталығы алға ауытқығандықтан, орнынан тұрарда ұзын мойнын тұғыр ретінде пайдаланып, ілгері ұмтылып барып, ауыр денесін жүгімен оп-оңай көтеріп тұрып кетеді. Дене құрылысының осындай өзгешеліктері, оның жүк көтергіш қабілетін өсірумен қатар, жүрісінің жайлы, әрі адымды болуына ықпалын тигізеді.

Түйенің дене тұрқы қысқа, сирақтары биік, сандары кеудесімен жанаспай, бөлек, бос және жақсы қозғалмалы орналасқан.




Түйе

Қолтұқымдары

Айыр өркешті түйе


Қазақстанда қолға үйретілген айыр өркешті түйенің қолтұқымы көбірек кездеседі. Оны кейбір аймақтарда «айыр түйе», Арал мен Каспий аралығының тұрғындары «түс түйе» деп атайды. Айыр өркешті түйенің жабайы түрі «қаптағай» деп аталады. Айыр өркешті түйенің ұрғашысын - «іңген», еркегін - «бура» дейді. Айыр өркешті түйе ғылыми тілде «бактриан» деп аталады. Оның денесі ірі, салмағы 450-690 килоға дейін жетелі. Қазіргі кезде айыр өркешті түйенің қолға үйретілген үш қолтұқымы бар. Олар - қалмақ, қазақ және монғол қолтұқымдары. Қазақстанда көп өсірілетіні қазақтың айыр өркешті түйесі. Ол құрғақ далалы, шөл-шөлейтті жерлердің табиғи жағдайларына жақсы бейімделген. Аңызқа ыстыққа, үскірік аязға төзімді келеді. Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстанның кейбір аудандарында өсіріледі.





Сыңар өркешті түйе

Сыңар өркешті түйені ғылыми тілде «дромадер» дейді. Қазіргі кезде қолда аруана деп аталатын қолтұқымы өсіріледі. Жабайы түрі жойылып кеткен. Оның жалпы аты - «нар». Ұрғашысы - «мая» немесе «аруана», еркегі - «үлек». Сыңар өркешті түйе ыстыққа төзімді, бірақ қатты аязға шыдамайды. Орта Азия мен Қазақстан жерінде ғасырлар бойы халықтық сұрыптау әдісімен өсіріліп келеді. Қазір түйені көлік ретінде пайдаланудан гөрі, еті, қымыраны және шудасы үшін өсіру пайдалы. Мамандардың пікірі бойынша, бір түйенің беретін




1. Жалғыз өркешті түйені – аруана (ғылыми тілде дромедар) дейді.

Аруана түйе. Жаздың ыстығы мен құрғақшылық жағдайларына көнгіш түйелер, бір-бірінен айырмашылығы бар Африкалық және Азиялық топтарға бөлінеді. Аруана түйелерінің ұрғашысы – мая 3 жасында, еркегі – нар 4,5 жасында шағылысқа түседі.

Азия аруана тобына Үндістан, Аравия, Персия, Түркімен түйелері жатады.

Түркімен аруанасы Түркіменстанда, Өзбекстанда, Қарақалпақ автономиялық республикасында және Оңтүстік Қазақстанда өсіріледі.

Олардың денесі жинақы, шомбал, шымыр біткен, тұрқы қысқа, сирақтары ұзын, салмақтары орташа және ауыр жүк артатын түйелер



2. Қос өркешті түйе – қазақы түйені (ғылыми тілде бактриан) дейді.

Республикада өсірілетін түйе тұқымының ішінде ең бағалы – қазақы түйе табиғи сұрыптау және халықтық селекция жолымен шығарылған. Оның ерекшелігі, әрі артықшылығы жергілікті жердің табиғатына бейімделуінде. Дене бітімдерінің мөлшеріне, өнімділік қасиеттеріне байланысты үш аймақтарға бөлінеді: Орал-Бөкей, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан.

1. Орал –Бөкей типі Батыс Қазақстан облысының далалық аймағы мен Атырау облысының құмды аудандарында шоғырланған. Бұл – қазақы тұқым түйесінің ішіндегі ең ірі типті түйелер.

2. Қызылорда типі қазақы түйелер Орал-Бөкей типті түйелерден кішірек, дене құрылысы тығыз және пропорциялы, сирақтары біршама қысқа, кеудесі терең, тұрқы сәл ұзындау болып келеді. Бұл типті түйелер Қызылорда және Ақтөбе облыстарының шаруашылықтарында шоғырланған.

3. Оңтүстік Қазақстан типті қазақы түйелер жоғарғы екі типтен де кішірек, Республикада өсірілетін түйенің ішінде ең бағалы – қазақы түйе, табиғи сұрыптау және халықтық селекция жолымен шығарылған, бойлары жатағандау, дене құрылысы жеңілдеу, кеудесі тарлау, тұрқы қысқа. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының шаруашылықтарында өсіріледі. Қазақы түйелерінің ұрғашысы – інген 3 жасында, еркегі – бура 4,5 жасында шағылысқа түседі.

Түйе өнімдері

Сүті

Түйе сүтінің майлылығы сиыр сүтінен әлдеқайда жоғары. Оның құрамында адам ағзасына қажетті нәруыз, витаминдер мол. Түйе сүттен шұбат дайындалады (қымыран деп те аталады). Шұбат өкпе, асқазан, ішек ауруларына бірден-бір шипа, қанды толықтырады. Шұбаттың радиацияға қарсы әсері болатыны да анықталған.



Шудасы

Түйенің шудасы да қымбат бағаланады. Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына және радиация сәулелеріне қарсы ем ретінде пайдаланады. Шудадан бағалы тоқыма бұйымдар жасалады.

Оны буын, құяң, бүйрек ауруларына және радиация сәулелеріне қарсы ем ретінде пайдаланады. Шудадан бағалы тоқыма бұйымдар жасалады. Түйе жүнінен неше түрлі өрмек жіптерін иіріп, шекпен, қап, белбеу, кілем, қоржын сияқтыларды тоқиды. Сол сияқты түйе жүні айылқұйысқан, өмілдірік, ноқта жасауға және көген, бау-шу есуге өте қолайлы. Түйе жүні қөрпеге салуға, шапанға тартуға өте жақсы, жеңіл, әрі жылы болады, қылшық шықпайды



ШУДА – түйенің өркешіне, желкесіне, тізесінің үстіне және мойнының астына шыққан ұзын қылшық жүн.

Түйе жүні. Түйеден өндірілетін жүн өз сапасына байланысты өте жоғары бағаланады. Түйе жүні өнеркәсіп үшін таптырмайтын шикізат болып табылады. Бұл жүннен тоқылған матаға деген сұраныс көп. Оның мықтылығына, жеңілдігіне, жұмсақтығына, жылылығына ешқандай жүн жетпейді. Түйенің жүнінен тоқылған орамал, кеудеше, киімдер суық өткізбейді, жиырылып, ұйпалақтанбайды, өзінің сырт көрінісін көп уақытқа жақсы сақтайды. Біздің халқымыз да баяғыдан түйе жүнінен ең қымбат киімдер, шекпендер жасаған. Түйе жүнінің құрамында түбіт, аралық талшық, қылшық болады. Ең ірі қылшықтардан түйенің шудасы құралады. Түйе жүнінде өлі қылшық және жүн шайыры болмайды. Ең жақсы жүн тайлақ жүні. Олардың түбіті аса жіңішке болады. Одан есейген сайын түйе түбіті өзгеріп, жуандап 15-18 мкм дейін болады. Мұның өзі де ең жіңішке меринос жүнінен биязы. Сондықтан да түйе жүнінің қасиеті жоғары, таза талшық шығымдылығы да жақсы – 84-85%. Түйе жүні сапасына қарай төрт сұрыпқа бөлінеді. Ең жоғарысы, 1 сұрып – аса жұмсақ түбіттен тұрады. Бұл түйенің екі жақ қабырға бүйірінен, мойнынан екі жағынан алынады. 2 сұрып қылшықты жүн – өркештерінен алынады, 3 сұрып шуда мойнының астыңғы жағы мен алдыңғы сандарында өседі. 4 сұрып ұйысқан- ұйпаланған жүн түйенің төстігі мен қарнында болады. Түйенің қай жүні болмасын тұрмыстық қажетке жарамды. Түйенің шудасы да қымбат бағаланады.

Түйенің еті. Түйені қолға үйреткен кезде, оның адамдар үшін басты өнімі – ет болатын. Кейін оның күш-қуатын көлік ретінде, сүтін азық ретінде, терісін және жүнін қажетіне жаратуды меңгеріп, түйе малының адамға беретін пайдасының ауқымын кеңейтті. Дегенмен ет өнімі түйенің қазіргі заманда да адамға беретін өнімінің бастысы болып келеді. Қазақстанның кең байтақ даласындағы басқа малдар жете пайдалана алмайтын, жей бермейтін табиғи шөптерді қорыта отырып, түйе малы жап-жақсы ет өнімін береді және көзін тауып ұйымдастырған азаматтар үшін түйе шаруашылығы аз шығын жұмсап, арзан өнімдер беретіні сөзсіз. Түйе жыл он екі ай жайылымды пайдаланып, басқа мал жей бермейтін жантақ, жусан, көкпек, қияқ, қамыс, изен теріске сияқты шөптерді қорытып, одан ет, сүт, жүн сияқты өте жоғары сапалы өнімдер береді. Соның ішінде түйенің еті жоғары сапалы, сиыр етіне өте жақын азық түрі. Оның химиялық құрамында су 73-76 пайыз, белок 17-20 пайыз, май 2-6 пайыз, минералдық қалдық күлдері 0,7-1 пайыз. Майының еру-қату температурасы, йод саны, басқа да көрсеткіштері сиырдікіне жақын. Түйе ет малы ретінде тез жетіледі. Ботасының өзі туған жылы бір жасына дейін 5,5-6 есе өсіп, екі жасында союға жарайтын мал болады. Сол кезде сойғанда 170-200 кг таза ет береді, ал үш жасында сойғанда еті 200-250 кг болады және мұның сыртында 15-30 кг өркеш майы болады.

Түйе шаруашылығы, түйе өсіру – мал шаруашылығының дәстүрлі салаларының бірі. Республикадағы барлық жайылымдық жердің 64%-дан астамын (116 млн. га) Түйе шаруашылығы арқылы барынша тиімді пайдалануға болатын, шөл және шөлейт алқаптардың алып жатуы осы саланы өркендетуге кең жол ашады. Қазақ халқы еті мен сүті әрі тағам, әрі шипалы дәру, жүні – киім, өзі сенімді көлік болған қасиетті жануарды төрт түліктің төресі санаған.

Елімізде Түйе шаруашылығы объективті және субъективті жағдайларға байланысты түрліше қарқында дамыды. Қазақстанда 1927 ж. 1,2 млн. бас түйе өсірілсе, күштеп жүргізілген ұжымдастыру саясатының салдарынан 1941 ж. түлік саны 104,6 мыңға дейін кеміді. Осыдан кейінгі 70 жылға жуық уақыт аралығында мал басы 105,0 – 154,0 мың аралығында болып, ең жоғ. көрсеткішке 1994 ж. қол жеткізілді (153,9 мың). 1980 – 95 ж. аралығында жыл сайын 5,0 – 9,0 мың т түйе еті, 4,5 – 5,0 мың т шұбат, 700 – 1000 т жүн өндіріліп келді.

Түйе сүтінен дайындалатын шұбаттың дәмдік, сусындық, шипалық қасиеттері ертеден-ақ белгілі болған. Оның адам ағзасына сіңімділігі 98%-ды құрайды. Құрамындағы құрғақ заттың үлесі 14,5 – 15,5%-ға, май – 5,5 – 6,5%-ға, белок – 4,0 – 4,5%-ға, сүт қанты – 5,0 – 5,5%-ға, минералды заттар 0,6 – 0,8%-ға сәйкес келеді. Қос өркешті інгеннен тәулігіне майл. 5,5 – 7,0% болатын 4 – 6 л, маусымда 1200 л сүт сауылса, дара өркешті таза тұқымды аруана маясынан майл. 3,5 – 4,2% болатын 12 – 15 л, маусымда 3500 л сүт сауылады. Қос өркешті және дара өркешті түйелердің будандарынан бір маусымда майл. 4,0 – 4,5% болатын 3000 л сүт өндіріледі. Түйе сүті сиыр сүтіне қарағанда бактерицидтік қасиеті жоғары болғандықтан ұзақ мерзімге сақталады (30°C ыстықта 24 сағатқа дейін ашымайды). Дәрігерлердің бақылауы шұбатты тұрақты пайдаланатын адамдардың туберкулезбен мүлдем ауырмайтындығын көрсетті. Сонымен бірге асқазан ауруларын да шұбатпен емдеудің жақсы нәтиже беретінді




Түйе шаруашылығының тиімділігі ет өндіру жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруға тікелей байланысты. Қоңды түйелер етінің құрамында 17 – 22% белок, 12% май ұлпалары болады. Тағамдық қасиеті және құнарлылығы бойынша түйе еті сиыр етімен деңгейлес. Өзіндік құны арзан әрі сапалы түйе етін өндірудің басты жолы түйені жайып-семірту екендігі ғыл.-өндірістік тәжірибелердің нәтижесінде дәлелденді. Түйелер көктемгі және күзгі жайылымдарда тез қоңданады. Етті бағыттағы Түйе шаруашылығын ең алдымен шұбат өндіру ісімен ұштастырған жөн. Ет өндіретін Түйе шаруашылықтарында қазақтың қос өркешті түйесімен қатар, олардың інгендерін қалмақ және түрікмен түйе бурасымен шағылыстыру арқылы алынған будандарды барынша көптеп өсіру тиімді болып табылады. Будан буыршындар салмағы жергілікті түйе төлдерінен 80 – 120 кг-ға артық болады. Жайылымда семіртілген құнанша, дененше буыршындардың сойыс шығымдылығы 51,7 – 52,5%-ға, ірі сақа түйелерде бұл көрсеткіш 55 – 58%-ға жетеді. Түйелердің салмағы жыл маусымына байланысты өзгеріп отыратындықтан, көктемде жайып семіртілген сақа буралар мен інгендерді маусым – шілде, ал жас буыршындарды қараша – желтоқсан айларында етке өткізген орынды. Асылдандыру жұмыстарында тұқым жақсартушы ретінде пайдалану мақсатында ірілігі мен ет өнімділігі бойынша қос өркешті Т-лер арасында, ТМД елдерінде ғана емес әлемде ерекше орын алатын қалмақ бактрианы қолданылуда. Тұқым мен типаралық жұптастырудан алынған 1 жасар тайлақтар, таза тұқымды тұстастарымен салыстырғанда, тірідей салмағы бойынша 15 – 20%-ға басым болады.



Түйе шаруашылығының тиімділігі ет өндіру жұмыстарын ұтымды ұйымдастыруға тікелей байланысты. Қоңды түйелер етінің құрамында 17 – 22%белок, 12% май ұлпалары болады. Тағамдық қасиеті және құнарлылығы бойынша түйе еті сиыр етімен деңгейлес. Өзіндік құны арзан әрі сапалы түйе етін өндірудің басты жолы түйені жайып-семірту екендігі ғыл.-өндірістік тәжірибелердің нәтижесінде дәлелденді. Түйелер көктемгі және күзгі жайылымдарда тез қоңданады. Етті бағыттағы Түйе шаруашылығын ең алдымен шұбат өндіру ісімен ұштастырған жөн. Ет өндіретін Түйе шаруашылықтарында қазақтың қос өркешті түйесімен қатар, олардың інгендерін қалмақ және түрікмен түйе бурасымен шағылыстыру арқылы алынған будандарды барынша көптеп өсіру тиімді болып табылады. Будан буыршындар салмағы жергілікті түйе төлдерінен 80 – 120 кг-ға артық болады. Жайылымда семірілген құнанша, дөненше буыршындардың сойыс шығымдылығы 51,7 – 52,5%-ға, ірі сақа түйелерде бұл көрсеткіш 55 – 58%-ға жетеді. Түйелердің салмағы жыл маусымына байланысты өзгеріп отыратындықтан, көктемде жайып семірілген сақа буралар мен інгендерді маусым – шілде, ал жас буыршындарды қараша – желтоқсан айларында етке өткізген орынды. Асылдандыру жұмыстарында тұқым жақсартушы ретінде пайдалану мақсатында ірілігі мен ет өнімділігі бойынша қос өркешті Т-лер арасында, ТМД елдерінде ғана емес әлемде ерекше орын алатын қалмақ бактрианы қолданылуда. Тұқым мен типаралық

Қазір елімізде қос өркешті қазақ түйелері 20 асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықта, оның ішінде Атырау обл-ның “Бірінші май” және “Жаңа таң” ААҚ-лары мен “Жарсуат” ӨК-нде, Батыс Қазақстан обл-ның “Хан ордасы” ЖШС-да, Қызылорда обл-ның “Құланды” ААҚ-да, Маңғыстау обл-ның “Таушық” ЖАҚ-да және Оңт. Қазақстан обл-ның “Қара құр” ӨК-нде, т.б. өсіріледі. Түйеден алынатын бағалы өнімнің бірі – жүн. Ол технол. қасиеті бойынша тоқыма өнеркәсібі үшін құнды шикізат болып табылады. Түрікмен Республикасында және еліміздің оңт. облыстарында түйе жүні кілем тоқуға пайдаланылады. Түйе жүнінен дайындалған бұйымдар жеңіл, жылы, сонымен қатар берік, созылғыш келеді. Ел арасында белі ауырған адамдарға шудадан жалпақ белбеу тағу, сарысу жиналған дене мүшесіне ыстық суға батырылған шуда басу секілді халық медицинасы әдістері кең тараған. Ұзын талшықты түйе жүнінен тоқылған маталар көбіне көрпе жасауға пайдаланылады. Шудадан машина жасау өндірісінде бұрғылау қондырғыларының белдіктері (ремендері) дайындалады. Ғарышкерлердің ішкі жеңіл киімдерінің бірі тіні түйе жүнінен тоқылатыны да бұл шикізаттың жоғары қасиетін көрсетеді. Т. ш-н келешекте ойдағыдай дамыту – түйе сауу, жүндеу, тоғыту секілді қол күшін көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыруды талап етеді. Алматы обл-ның Мыңбаев атынд. тәжірибе ш-нда түйені жықпай, арнайы қондырғыда жүндеу әдісі игеріліп, оннан аса шарушылықтарға енгізілді. Бұл жүндеу уақытын қысқартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және ең бастысы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге қондырғыны түйе саууға, бонитировкалауға (малды асылдандыру мақсатында жан-жақты бағалау) пайдалануға болады. Бұл сала бойынша еліміздің 26 тұқымдық мал ш-нда 9,0 мың басқа жуық түйе өсіріледі. Асыл тұқымды малдардың үлес салмағы бойынша (7%) түйе түлігі басқа а. ш. малдарынан (1,2 – 5,3%) 2 есеге жуық басым. Елімізде Т. ш. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында жақсы





Түйенің экологиялық ерекшелігінің бірі - оның шөл, шөлейт жерлердің қатал қысы мен аптап ыстығына мойымайтындығы, өте шыдамдылығы, төзімділігі. Түйе алпыс күн аштыққа, отыз күн шөлге шыдайды.

Ұзын, әрі қалың кірпіктері қатты желді күндері оның көзіне құм түсірмейді. Қатты құмды борасын кезінде дем алуы қиындаған жағдайда түйе кеңсірігін толығымен жауып алады. Бұлшық етті танауының толық жабылу қабілетінің арқасында түйенің мұрын қуысына құм кірмейді.

Түйелердің жасын тісіне қарап анықтайды. Түйенің отыз төрт өткір тісі болады. Сегіз жастан бастап барлық тістері тұрақты. Түйенің үстіңгі ерні екі айырылып біткен, соған қарамастан өте икемді. Аузының кілегей қабығы қатты бүрлермен көмкерілген.

Түйенің ерекшеліктерінің бірі – бір немесе екі майлы өркешінің болуы. Сол себепті түйенің арқасы тегіс болмай, доға сияқты дөңес келеді. Бактриан түйесінің өркештері жұмыр жән тіп-тік тұрғаны–оның денсаулығының дұрыстығын көрсетеді. Түйенің өркешіндегі майы әбден еріп барып, оттегімен араласады да, ылғалға айналады. Егер түйе айлар бойы су ішпей жүре берген жағдайда өркеші де бірте – бірте қатып – семіп, кішірейе түседі.



Ауамен бірге ылғал аз шығуы үшін түйе барынша сирек тыныс алуға тырысады. Ол минутына сегіз рет қана, тіпті аспан айналып жерге түскен аптап ыстықтың өзінде он алты рет қана дем алады. Ал сондай жағдайда өгіз 250 рет, ит 400 рет дем алады.

Түйе организмінің су жоғалтуы оған қауіпті емес. Мысалға: түйенің шөлге төзімділігін сынау үшін ғалымдар бір түйені шыжыған күн астында сегіз күн сусыз ұстап сынаған. Сол уақыт ішінде ол 100 килограмм салмағын жоғалтып, бірақ тірі қалған, себебі оның қаны едәуір сұйық фракциясын сақтап қалған. Жоғалтқан салмағын қалпына келтіру үшін түйе он минут ішінде 135 литр су ішіп қойған, сөйтіп салмағы қайтадан өз қалпына келген. Түйенің бұл





Түйенің тек қана үшінші және төртінші дамыған башпайларының ұшында ғана доғаланып, қисық біткен кішкене тырнақ өседі. Сирақтары екі айрық табанына келіп тіреледі. Табаны жалпақ және астыңғы жағы сүйелді, жұмсақ көнмен қапталған, сондықтан көнтабандылар деп атайды. Аяқтарының мұндай бітімі түйенің сусыма құм мен борпылдақ қарда еркін жүруіне мүмкіндік береді.


Түйені көп ретте «шөл дала кемесі» деп те атайды. Бұл жай ғана теңеу емес. Түйе жүрген кезде алдымен оң жақ екі аяғын бірдей басады, содан кейін сол жақ екі аяғын басады. Сондықтан да осындай жүрісімен түйе ашық теңізде жүзіп бара жатқан қайықты еске салады. Түйе шоқтай қарыған ыстық құмды елемейді. Аяғы құмға батпай, бетімен қалқып кете береді. Түйенің жыл бойы табиғи жайылымда жайылатынын ескерсек, жемшөп, сондай-ақ қора-жайды көп қажет етпейтінімен қатар, олардың денсаулығы да таза аада шыңдала түседі.

Корабль пустыни



Түйенің басқа малдан ерекшелігі аяқтарын денесінің астына жиыстырып шөгіп жатып демалады. Түйенің төс сүйегінде, тізелерінде, шынтағында және тірсек буындарының үстінде сүйелді жерлері болады. Түйе шөккен кезде сүйелді жерлері ыстық құмның әсерін сезбейді. Осыған байланысты түйе ыстық құмда шыдап, шөгіп жата береді. Барлық сүйелді жерлер жатқан түйе салмағының бірқалыпты бөлінуіне, терісін ыстық құмның күйдіруінен және жарақаттаудан сақтайды. Түйенің негізгі ерекшеліктерінің бірі - оның табиғи жайылым жағдайында тез қомдалып, өркештеріне 100-150 кг мөлшерінде май жинау қасиеті. Бұл май қыстың қатты боранында, әрі жаздың құрғақшылық сәттерінде, сонымен бірге су болмаған кездерінде пайдаланылатын энергетикалық резерв көзі болып есептелінеді. Қысқа қарай түйенің жүні шудаланып, қою болып өседі де, оны қыстың қытымыр аязынан жақсы қорғайды. Көктемде жүні түлеп, сыпырылып түседі де, аптап ыстықта терлемейтін болады.


Түйенің жұмысқа деген қабілеттілігі оның өз бойындағы энергиясын өте тиімді жұмсайтындығына байланысты.



Түйелердің қора ішіндегі өкпек желге, аса ылғалдылыққа шыдамайтынын ескерген жөн. Мысалға, жалғыз өркешті түрікмен аруанасы Қазақстан мен Орта Азияның шөл және шөлейт аймақтарының ыстық жерлерінде өздерін жақсы сезінсе, ал қос өркешті қазақы түйе тұқымы мұндай ыстық жерлермен қатар қысы аязды жазық аймақтарда да осы тұқымға тән мол өнімділік көрсете алады. Биологиялық ерекшеліктері екі түрлі түйе тұқымдарының болуы, оларды жақсы бейімделген аймақта өсіру үшін таңдауға толық мүмкіндік береді. Түйелер 40 - 45 жылға дейін тіршілік ететіндігіне қарамастан, тістері түсіп, өнімділік қасиеттерінің төмендейтігіне байланысты

Түйе – жайылым малы, ол түнде жусап, күндіз оттайды. Сораң, жусан, бұршақ – астық тұқымдас шөптерді, бұта бастарын жеп қорек етеді. Басқа малға қарағанда түйенің ас қорыту жолдары. Қарыны 3 бөліктен – үлкен қарыннан, тақия қарыннан және ұлтабардан тұрады. Үлкен қарында азық ашиды да, клетчатканың жақсы қорытылуына себепші болады. Үлкен қарынның екі томпағы бар, оны «су дорбашығы» деп те атайды. Басқа түліктерге қарағанда тұзды әлдеқайда көп керек етеді, судың ащысы да оған пайда болмаса зиян емес. Суды пайдалану жағынан басқа малдан әлдеқайда басымырақ болуы.

Осынша шыдамдылығына, қуаттылығына қарамастан, «шөк» десең, шөге қалатын, «айт-шу» десең, атып тұратын «тіл алғыш», жуас, қайы



Түйенің тұрқы қысқа және сирақтары биік. Олардың сандары бос және қозғалмалы болады. Тұрқының қысқалығы белгілі бір мөлшерде мықты, ұзын және жақсы қозғалатын мойынмен толықтырылады.

Түйе күй таңдамайды, басқа мал жемейтін қатты, тікенді өсімдіктермен қоректене береді. Күндіз жайылып, түнде күйіс қайырады.

Түйенің сүйіп жейтін өсімдіктері: әр түрлі жусан, еркек шөп, изен, жантақ, т.б. Қысқы жайылымы негізінен қалың құмның ішінде болғандықтан бұтаның, биік өскен шөптердің сабақтарын, сексеуіл бұталарын жеп, қорек етіп, өкпек желдің өтінен және бораннан сақтайды.

Бактриандар да аруана түйелері сияқты негізгі екі түстен тұрады: табиғи қоңыр және ақ. Бірақ бұл түйелердің негізгі түстері табиғи климат жағдайларына байланысты өзгеріп тұрады (ақшыл қоңырдан қоңырға, ақ түстен ақшыл-сары түске дейін). Жоғарыда көрсетілгеннің барлығы түйенің тіршілік ету ортасына бейімделушілігі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы 2011
- 2.Т. Мұсақұлов,Орысша-қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік I-том қазақ мемлекет баспасы, Алматы — 1959, Редакциясын басқарған: 3.Биология ғылымының докторы профессор Т. Дарқанбаев
4. Биология:Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2007
- 5.Мал шаруашылығы:Оқулық-Алматы,ЖШС РПБК «Дәуір»,2012.-278б